

## Жұмабек Тәшенов қиналып келіп жағдайын айтқан жас маманға қалай қамқорлық жасады

Арғынбай БЕКБОСЫН, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Ол кісінің алдына мұндай шаруамен бару ниеті менде мүлде жоқ еді. Ойда жоқта оқыс «ойналып кеткен», ішінара өзім де қатысқан, кіп-кішкентай тіршілік драмасы себепкер болды бәріне...

Ілгеріде, 1962 жылы Мәскеуде жатқан орталық өкіметтің жарлығымен Қазақстанның Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарынан Оңтүстік Қазақстан өлкесі құрылып, орталығы Шымкент қаласы



болып белгіленді де екі қанаттағы екі өңірден солай қарай бірталай көш қозғалды. Көштің көркі де, иесі де негізінен өссем, өрлесем деген ақ жағалылар болғанымен, қапталдасқандар қатарында қызыл жағалылар мен қалам ұстаған бірді-екілі журналистер де бар еді. Кейінгілер дүрмегіне жастықтың желігі ме қайдам, әнеміне алынатын коммуналдық пәтерге де қарамастан жас журналист – мен де қосылып кеттім. Жаңа қызметім – республикалық радионың өлкедегі меншікті тілшісі. Қамтитын өріс кең, сонау Арал теңізіне дейін созылып жатыр. Қарауымда: Шымкентте – жеңіл машина, Қызылордада – үш дөңгелекті мотоцикл, айдаушыларымен. Пәтер де берілуге тиіс, мемлекеттік комитет төрағасы Кенжеболат Шалабаевтың өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Сабыр Ниязбековке арнайы хаты бар. Шымкентке келісімен аңғарғаным – пәтерді күтуге тура келеді. Рас, жедел салынып жатқан үйлер өте көп екен. Бірақ пәтерден

үміткерлер одан да көп және шетінен шақыртумен келген едәуір дәрежелі қызметкерлер...

Әуелгі әзірде жаңа жердегі жаңа жұмыстың қызығымен мейманханадағы жайсыздықты онша сезінбесем де, келе-келе отбасымды көшіріп әкелу керектігін түсініп, жекеше пәтер іздей бастадым. Олар да аса қат екен: мен секілділер қаптап жүр, студент жастарда, тіпті, есеп жоқ... Ақыры қорғасын зауыты жақтағы Кен кешу дейтін көшедегі бір өзбек кемпірдің кішкене дәлізі бар бір бөлмелі үйін әрең таптым-ау! Тапқаным бар болсын, әлгінің... пеші жоқ екен! Ортада қисық-қисық, тот басқан темір пеш-буржуйка тұр. Еден де тақтай емес, жай балшық сылақ... Амал жоқ, 62-нің қара күзінде Жамбылдағы отбасымды осындай «жұмаққа» әкеп қондырдым. Талай қиындықты бастан кешірген Теберік анамның өзі: «Балам-ау, Арғынтай-ау... мынау... мынау...» дей берді даусы дірілдеп. Арғы жағын айтпады. Шамасы, мені аяды ғой деймін...

Қойшы, сонымен итшілеп қыстап шыққан соң басқа пәтер іздей бастадым. Қаладағы талай қақпаны қағып жүріп, Азаттық көшесінен бір үйге кезіктік. Ауласы әжептәуір, үй де көлемді. Кең веранданың екі шетінен екі есік кетеді, әрқайсысында үш бөлмеден. Соның бір жағы жалға беріледі екен. Пәтерәкі мөлшерінің жоғарылығына қарамастан бір күн де болса жайлы отырайық деп келістік те көшіп алдық.

Үй иесі – тайқы мандайының жұп-жұқа терісі әбден күнге қақталған қыр мұрынды, қара мұртты Әнуар дейтін кісі. Жас шамасы қырықтардан асқанына қарамастан тым қағылез, күйгелектеу. Ессесіне әйелі, ақ бауырсақтай келісті келіншек Ұмсындық жеңгей өте салмақты. Отағасы бір базада істесе, жеңгей үйдегі мектеп жасындағы әлі кішкенеуе үйелмелі-сүйелмелі үш балаға қарайды.

Жаздай, күздей үй иелерімен арақатынаста ешқандай ақау болған жоқ. Әрдайым оң қабақпен берілер сәлем түзу еді. Тек... тек, әттең, 63-тің ең соңғы күніндегі болмашы нәрседен көңіл бұзылды...

Шымкентте жамбылдықтың кейбірімен, әсіресе, журналистермен ағайындық араластықта болатынбыз. Өзімнен он бес жастай үлкен Смет аға Ағысовпен солай едік. Ол кісі өлкелік «Оңтүстік Қазақстан» газетінде істейтін. Смекеңмен, Ақмандай жеңгемізбен жаңа, 1964 жылды бірге қарсы алмақ болдық та, ол кісілер кішкентай сәбилері Ғалымды көтеріп кешке қарай қар құйып тұрғанына қарамастан біздікіне келді. Көңілді бір отырыс басталып кеткен. Өлден уақытта шаң-шұң дауыс көңіл бөлді. Білейінші деп сыртқа шыға беріп ем, Әнуар қарсы кездесті де маған қарай сұқ саусағын кезеп тұрып:

– Ертең түске дейін үйді босатындар! – деді ызбарлана.

– Неге... не боп қалды? – дедім мен сасқалақтай.

– Сұра анау қатыннан! – Әнуар үйінің есігін тарс жауып кіріп кетті. Сыртқа қарасам Ақмандай жеңгей баласының шалбарын кигізіп жатыр екен.

– Не болды, жеңеше?

– О-оу, мына қожайындарың жынды ғой өзі! – деді Ақаң еңтігін әрең басып. – Ойпыр-ай, қайным, мұндаймен қайтіп көрші боп отырсындар өзі, анық пәле ғой мынау!..

Ертеңіне қатты ойландым. Пәтерді ертерек алу жайын. Өлкелік партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Екейбай Қашағанов ағадан көмек сұрайын деп шештім. Ол кісі мені Жамбылдан білетін. Кейде өлкелік комитетте кездесіп қалғанымызда екінші қабаттағы кабинетіне ертіп барып, жағдайымды сұрайтын. Ондай кездерде ағаның мазасын алмай-ақ қояйын, бұл кісісіз-ақ шешілер деп пәтер жайын айтпайтынмын. Енді айтпасқа амал жоқ...

– Анау бір оңбағанның қорлығы өзіңе әбден-ақ өткен екен-ау, інім. Кездеседі ғой, тіпті, көп қой мұндай ұяттың, мейірімнің иісі мұрнына бармайтындар! Қоғамымыздың бір соры да сол шығар, – деп Екейбай аға

талайға дейін қынжыла ойланып отырды да, бір мезгілде бір байламға келгендей серпіле үн қатты: – Былай етейік. Мен мұнда Шалабаевтың хатын таптырып алып қозғау салайын. Бюрократизм қайда жоқ дейсің... Ал сен өзің облаткомдағы Жұмекеңе, Тәшенов жолдасқа барып бар жағдайыңды, қолыңда әскери пенсия алатын қарт анаң бар екенін айт. Ол кісі, сөз жоқ, көмектеседі.

Жұмабек Тәшенов... Бұл кісінің атақ-даңқы елуінші жылдардың аяқ кезінде дүрілдеп, шарықтап барып басылған еді. Ал одан бұрын өзім ол кісіні алғаш рет 57-нің аяқ кезінде ҚазМУ-дың акт залынан көргем-ді. Қазақстан Үкіметінің басшысы бізге, студенттерге арнайы келіп, елдің экономикасы, жоспарлары туралы бір сағаттай лекция оқыған-ды. Дұрысы, ол кісі оқыған жоқ, сан-сапалақ цифрлар мен фактілерді, терең-терең талдауларды ешбір қағазсыз-ақ мүдірместен өзінің сәл қатқылдау қуатты даусымен санамызға сіңірген-ді. Оның үстіне шашын қысқалау қидырған, толық аққұба жүзді кісінің бүкіл болмысынан сарқылмас қайрат, мұқалмас сенім сезілгендей еді. Арада біраз уақыт өткен соң: «Тәшенов бір мәселеде Хрущевқа қатты қарсы келгендіктен орнынан алыныпты!» деген хабар дүңк ете түскен. Не мәселеде?.. Ол жөнінде ол кезде ешкім жарытып жақ ашпады ғой. Тек 1964 жылғы 14 қазаннан кейін ақырын-ақырын айтыла бастағаны. Тәшенов Қазақстанның Қостанай, Көкшетау, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Павлодар секілді бес бірдей облысын РСФСР-ға қоспақ болған Хрущевтің зымиян жоспарына қасқая қарсы тұрып, елінің тұтастығына қалқан болған екен ғой!..

Міне, сонысы үшін қуғын көріп, қызмет жағынан құлдыратылған ол облатком төрағасының бірінші де емес, әлеуметтік мәселелер жөніндегі елеусіздеу орынбасары ғана. Ал барша билік партия органдарында екенін есепке алсаңыз әлгі лауазым одан бетер құнсызданады... Бірақ амал не, сондай құнсыздау орында мемлекеттік алып қайраткер отырды...

Енді, міне, Екейбай ағамның кеңесімен сол кісіге баруым керек. Журналистік жұмыс бабымен емес, жеке бастың қамымен. Ұяттау. Әсіресе, бірінші жолға. Бірақ, амалым қайсы...

– Кел, шырағым...

Қоңыр есік ашылып, шағындау кабинеттің табалдырығынан аттағанда алғаш естілгені – мейлінше жұмсақ дауыспен айтылған осы екі сөз болды. Төрдегі сөз иесінен ол кісі нұсқаған орындыққа отырар-отырмаста байқалғаны – Тәшенов сонау жылғыдан қатты өзгеріпті. Шашына ақ араласыпты, аққұба жүзге, ақ маңдайға онша терең болмаса да айқыш-ұйқыш әжім түсіпті. Шаршағандық, қажығандық сезіле ме, қалай... Тек шарасы ашық қара көздерде жылы бір ұшқындар шашыла маздайды... Мольнаң пішілген толық тұлғасы да аз-кем босаңсып таразыланғандай.

Неден бастарымды білмей әрі аңызға айнала бастаған атакты адамнан қысылғандықтан ба, үнсіздік тұтқынына түскен мені ол кісінің өзі құтқарып жіберді.

– Келгендегі шаруанды айта бер, қысылма, шырағым. Сен журналиссің ғой. Ал журналистер батыл болу керек, – деп емен-жарқын езу тартты. Осы езу тартуының өзі де маған еркіндік бергендей лауазымды басшының алдында емес, жанашыр ағамның жанында отырғандай бар жағдайымды іркілместен ақтаруға ауыстым.

– Аз уақытта көп қиындық көріп қапсыңдар-ау. Сендер жассыңдар ғой... әсіресе, қарт анаға обал болған екен... – деп біраз ойланып отырды да хатшы орыс әйелді шақырды. – Найдите мне товарища Тыныбаева...

Тыныбаев, менің білуімше, Шымкент қалалық атқару комитетінің төрағасы.

– Тыныбаев слушает, – деген қырылдаңқы дауыс естілді. Жұмекең трубканы көтерді.

– Жомарт Бұланович, қане, айтшы: мен мұнда келгелі сенен бірдеме сұрадым ба?.. Дұрыс айтасың – сұрағам жоқ... Енді... енді сұрағалы отырмын. Және сен сұрағанымды береді деп сұраймын... Немене деймісің... Иә, менің алдымда Қазақ радиосының осындағы корреспонденті... ә-ә, Бекбосынов жолдас отыр. Оған пәтер өте-мөте керек, қарт анасы бар... Жакын арада қалада қай үй бітеді?.. Проспект Гагарина, сорок шесть... Мына журналист інішекке содан үш бөлмелі пәтер бересің... Смотри, запиши отдельной строкой, чтобы потом не было никакого недоразумения... Түсіндің ғой мені? Вот и хорошо... Рахмет, сау бол, Жомарт Бұланович...

Жұмекең маған мейлінше жылы жүзбен мейірлене қарады.

– Естідің ғой, жаңағы горисполком председателі Тыныбаев қой. Сөзінде тұратын азамат. Соған жолығарсың. Пәтер жакында боп қалады... Анаңа менен сәлем айт...

Жұмабек ағадан төбем көкке бір елі жетпей шықтым. «Не деген ғажайып адам!.. – деп ойладым шексіз ризалық, алғыспен. – Жағдайымды қалай жақсы түсінді! Жанашырлығы қандай!.. Осындай кісіге қиянат жасаған, әй, нәлет таз-ай!..»

Қартайғанда кісі есігінде жүрген анамды қуантпаққа Бостандық көшесіне қарай құстай ұштым...

Арада бір айға жетер-жетпес уақыт өткенде су жаңа үш бөлмелі пәтерге көшіп қондық. Қуанышымызда шек болған жоқ. Облыстағы мәдени құрылысқа байланысты сұхбат алуға барғанымда, Жұмабек ағаға анамның да алғысын жеткіздім. Әңгіме үстінде ол кісі туралы «қиын кездегі жарылқаушымыз ғой» деп ойлағаным есімде. Оған қоса: «Тәшенов біздің үйді ғана ма, бес облысымызды яғни республиканың үштен бірін сақтап қалып, бүкіл Қазақстанды жарылқаған жоқ па?!..» деген де толқынды ойлар көңілді тебірткен...

\* \* \*

...Бүгінде анда-санда Астанаға жол тартамын. Тараздан шыққан пойыз таң ата елорданың бер жағындағы бекет – Аршалыға, бұрынғы Вишневкаға жетеді. Сонда мен әрдайым Шымкенттегі қызметінен

Коммунист көшесі 41-үйдегі пәтеріне жаяу маң-маң басып келе жатқан кең-мол сұр макинтош, сұр шляпа киген Жұмабек ағаны зор алғыспен көз алдыма елестетемін. Сөйтіп, ол кісімен кездескен кезімді сағынышпен еске аламын. Қазақ халқының ұлы перзенттерінің бірінің кіндік қаны осы өңірде тамып, Сарыарқаның самалын жұтып ер жеткен ғой. Елімізге Тәшеновтей қайсар қайраткер берген мынау самал ескен ұшы-қиырсыз далаға мың да бір рахмет!.. Тек бір өкініштісі – Жүмекеңнің халыққа деген махаббатқа толы ұлы жүрегі соңғы рет Азаттық таңынан көп бұрын соққаны болар... Бірақ, қайтесіз. Өмір дейтін шіркінде өкініш дейтін өртеңгір де кездесіп қалатын көрінеді ғой. Сірә, жаратылыс заңы болар...